

КЕЛІСІЛДІ

«Қарағанды қаласы
білім бөлімі» ММ басшысы
басшысы

_____ Е.Әшім
«_____» _____ 2023ж.

БЕКІТЕМІН

«№1 балалар көркемөнер
мектебі» КМҚК
директоры

_____ Г. Калышева
«_____» _____ 2023ж.

Қарағанды қаласы жалпы білім беретін мектептің оқушылары үшін «Қоңыр күз» қалалық сурет байқауының Ережесі

1. Жалпы ереже

1.1. Осы Ереже Қарағанды қаласы жалпы білім беретін мектептердің оқушылары үшін «Қоңыр күз» қалалық сурет байқауының мақсаты мен міндеттерін, байқауды өткізу тәртібін, бағалау өлшемдерін, жеңімпаздарды марапаттауды анықтайды.

1.2. Байқау келісілген жұмыс жоспары бойынша өткізіледі: «Қарағанды қаласы білім беру бөлімі» ММ, Қарағанды қ. «№1 балалар көркемөнер мектебі» КМҚК.

1.3. Байқауды ұйымдастырушы болып табылады: «Қарағанды қаласы білім беру бөлімі» ММ қолдауымен Қарағанды қ. «№1 балалар көркемөнер мектебі» КМҚК.

2. Байқаудың мақсаты мен міндеттері

2.1. Байқаудың мақсаты:

- жалпы білім беретін мектеп оқушыларының арасында балалардың көркем шығармашылығын насихаттау;

2.2. Байқаудың міндеттері:

- жалпы білім беретін мектеп оқушыларының шығармашылық белсенділігін дамыту;
- балалардың өз идеяларын, сезімдерін, ойларын көркем түрде бейнелеп, қабілетін дамыту;
- балаларды Отанға деген сүйіспеншілікке, патриотизм сезіміне, қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауға тәрбиелеу.

3. Байқауға қатысушылар

3.1. Байқауға жалпы білім беретін мектептің оқушылары, келесі жас санаттары бойынша қатыса алады:

9-10 жас

11-12 жас

Тіркелу кезінде оқушылардың жасы анықталады.

4. Байқауды ұйымдастыру мен өткізу

- 4.1. Қарағанды қаласы жалпы білім беретін мектептердің оқушылары үшін «Қоңыр күз» қалалық сурет байқауы **2023 жылдың 22 қарашасында** өтеді.
- 4.2. Байқауға қатысу үшін **2023 жылдың 15 қарашасына** (қоса алғанда) дейін білім беру ұйымының басшысының қолымен мына электронды поштаға өтініш жіберуіңіз керек: konkurs_art_school@mail.ru.
- 4.3. Байқауға қатысушылар ұйымдастыру комитетіне міндетті түрде көрсетілген өтінім-анкетасын тапсырады: байқаудың атауы, білім беру ұйымының толық атауы, оқушының фамилиясы, аты, толық жасы, жұмыстың атауы, жұмыстың орындалу техникасы, педагогтың фамилиясы, аты, әкесінің аты, басшының байланыс дерегі, (телефон нөмірі), білім беру ұйымының E-mail(1 Қосымша).
- 4.4. Жұмыстар **2023 жылдың 20 қарашасына** (қоса алағанда) дейін мына мекен-жайда қабылданады: Қарағанды қалалық Әлиханов көшесі, 19 (2 қабат), №1 БКМ.
- 4.5. **2023 жылдың 23-24 қарашасында** сағат 10.00 нан 17.00 дейін №1 БКМ жұмыстарды алып кету керек.
- 4.6. Барлық сұрақтар бойынша ұйымдастыру комитетіне хабарласуға болады: Қарағанды қ. «№1 балалар көркемөнер мектебі» КМҚК, тел. 8(7212) 42-42-54).

5. Талаптар мен бағалау өлшемдері

Әрбір қатысушы білу керек:

- 5.1. Байқауға «Қазақтың ұлттық ойындары» тақырыбында шығармашылық композицияны әкелу керек (әр қатысушының жұмыс саны - 1 аспауы керек), бір ұйымнан 3 жұмыстан.
- 5.2 Жұмыс форматы- А-4, техника - пластилинография.
- 5.3 **Жұмыстың артқы жағына этикетка** жапсыру керек, онда көрсетіледі: автордың ФАӘ, толық жасы, жұмыстың атауы, орындау техникасы, жетекшінің ФАӘ, жетекшінің байланыс дерегі, білім беру ұйымының атауы. Word форттындағы құжат , шрифт TimesNewRoman кегль 14 (өлшем), аралық интервал – бірыңғай . Этикетканың өлшемі: 7 см көлденеңнен, 6 см биіктігі (2 Қосымша);
- 5.4. Жұмысты тапсыру: рамкада жұмысты рәсімдемеу, паспарты және т.б., жұмысты бүктемеу керек;
- 5.5. Байқау жұмыстары **2023-2024** оқу жылында орындалған болуы керек, көшірме немесе басқа авторлардың жұмыстарының бөлігі, үлгілері немесе оқулық болмауы керек.

5.6. Ұйымдастыру комитеті көрмелер мен байқауларға бұрын қатысқан және байқау тақырыбының талаптарына сәйкес келмейтін жұмыстарды қарастырмайды.

Байқаудың бағалау критерийлері:

- авторлық идеясы мен өзіндік ерекшелігі;
- байқаудың белгіленген тақырыптарына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі;
- шеберлігі мен орындау техникасы;
- шығармашылық даралығы.

6. Байқауды қорытындылау

6.1. Қалалық байқауды дайындау мен өткізуге тікелей басшылық жасау үшін қазылар алқасының құрамын бекітетін, қорытындысын шығаратын және жеңімпаздарды марапаттайтын ұйымдастыру комитеті құрылады.

6.2. Сайысқа қатысушылардың жұмыстарын 5-тармақтың талаптарына сәйкес қазылар алқасы бағалайды.

6.3. Байқау нәтижелері хаттамамен ресімделеді және қазылар алқасы мүшелерінің қолдарымен расталады.

6.4. Қазылар алқасының жоғары бағасына ие болған жұмыстардың авторлары I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталады. Қалған қатысушыларға сертификаттар беріледі. Жеңімпаздардың жетекшілері алғыс хаттармен марапатталады.

6.5. Қазылар алқасы байқаудың номинацияларын анықтау құқығын өзіне қалдырады.

**«Қоңыр күз» атты қалалық байқауға қатысу
өтінім-анкетасы**

(білім беру ұйымының толық атауы)

| № | Қатысушының Т.А. (толық) | Оқушының жасы | Жұмыстың аты | Орындау техникасы | Педагогтың Т.А.Ә. | Жетекшінің байланыс дерегі |
|---|-----------------------------|---------------|---------------------|---------------------|------------------------------|---|
| 1 | Петренко Екатерина | 8 жас | «Менің туған жерім» | ермексаз, картон | Сергеева Анна Ивановна | жұмыс тел.8(7213 (555555 байланыс тел.87777 5542 |

Білім беру ұйымының e-mail _____